


Тексерілді:

«Қызғалдақ» бөбекжай-бақшасының

әдіскері:

А.Т. Уразмуханбетова 

Бекітемін:

№1 педагогикалық кеңес шешімімен

«Қызғалдақ» бөбекжай-бақшасының

директоры

М.Н. Утешева 



2020;

«Айгөлек» ересек тобының 2020-2021 оқу жылындағы «Бояулар сыр шертеді»
тақырыбындағы вариативтің жоспары

Тәрбиешілер: Габдуллина З.

Өтеуова А.

2020-2021 оқу жылы

Ересек тобына арналған "Бояулар сыр шертеді"
варнативтік компонент

Түсінік хат

Қазіргі таңда мектепке дейінгі сәбилік жаста ерекше назар аударатын тәрбие түрі-сезім тәрбиесі. Сезім тәрбиесі алдымен қоршаған ортадағы болымысты қабылдау мен түйсікке негізделеді. Ең алдымен таным көзі-сезім арқылы қабылдауы, бала өз тәжірибесінен бақылап, көріп тануынан тұрады. Сезіну процессі кезінде бала бір нәрсені немесе заттың қасиетін, құрылымын таниды.

Баланың логикалық ойлау түсінігі ең алдымен, оның сезінуімен байланысты. Баланың математикалық түсініктерді дұрыс меңгеруі, баланың дамуы, жас ерекшеліктеріне байланысты болып табылады.

Сезімдік тәрбиемен басталып, математикамен жалғасатын бұл ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті, математикалық қарапайым ұғымдарды қалыптастырудың алғашқы баспалдағы деп ойлаймын. Мектеп жасына дейінгі балалардың сезімдік эталондарды игеруі балабақшада тәрбиелеу мен білім бағдарламасында көрсетілген геометриялық пішіндермен, түстер мен танысудан басталады. Мұндай танысу негізінен көпшілік қабылдаған үлгілерден басталады да, тиімді іс-әрекеттердің көптеген түрлерін меңгеру үрдісінде өтеді. Тәрбиеші ақыл-ой, сезім тәрбиесінің міндеттерін ойын формасында қойып, оны ойынмен байланыстырады.

Балалардың қабылдауы мен ұғымын дамыту үшін білімді меңгеру, дағдыны қалыптастыру ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде емес қызықты ойын әрекетінде (жасау және табу, жұмбақ айту, шешу, сурет салу, жарыста нәтижеге жету) іске асады.

Міндеттері: -Балаларды бірыңғай заттарды сезімдік белгілеріне қарай (көлемі, пішіні, түсіне байланысты) топтауға үйрету; -Баланың қабылдау, ес, ойлау сияқты психикалық процестерін дамыту;

Заттардың қасиеттерін анықтау мақсатымен оларды тексере білуге және бес түсті (ақ, қара, қызыл, сары, көк) ажырата атай білуге үйренеді;

Қандай түсініктерді игерді: Сезімдік тәрбиеде құрастыру жұмыстары арқылы үйренген сөздерін (киіз үй, ағаш тостаған, ағаш қасық, қоржын, сәукеле, тақия т.б.) толық меңгеру;

Меңгерген дағдылары мен іскерліктері: Баланың өз бетімен жұмыс істеуі;

«Бояулар сыр шертеді» (вариативтік жоспар)
 ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспарының тақырыптары	Мақсаттары	Сағат саны	Уақыты
Қыркүйек			
«Мен жақсы көретін ойыншық»	Дөңгелек және сопақша пішіндерден екі-үш бөліктерден тұратын ойыншықтардың суретін салуға үйрету..	1	04.09. 2020
« Бұлт күнді жапты»	Балаларды күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктеріне бақылау жасауға үйрету. Күннің бетін аспанда қалқып жүрген бұлттардың қалқалаған суретін дөңгелек және сопақша пішінде сала білуге дағдыландыру. Табиғатты сүйеге, кастерлеуге және ұқыптылыққа тәрбиелеу	1	11.09
«Түрлі түсті орамал»	Балаларды шаршы пішінді орамалға өрнектер салуға жаттықтыру. Өздері салған өрнектерді дамуына мүмкіндік туғызу. Бояудың түсін таңдай білуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.	1	18.09
«Сия тамшылары»	Сурет салу қызығушылығын арттыру. Сияны тамшылыты отырып, одан ұсақ денені дамытып, сурет салуға үйрету.	1	25.09
Қазан			
«Орман»(үрлеу әдісі)	«Үрлеу әдісін қолдана отырып, күз мезгілінің көрнісін қағаз бетіне түсіруге үйрету.	1	09.10
«Кілемше»	Балаларды тұрмыстық заттардың әдемілігін байқай білуге үйрету. Кілемді түзу және ирек сызықтармен әшекейлеу білуге үйрету.	1	16.10
«Көңілді жемістер»	Балалардың қиялын, зейінін дамыту, жеміс пен көкөністерді бейнесін салуға үйрету.	1	23.10
«Көңілді жемістер мен көкөністер»	Балаларға жемістер мен көкөністер туралы түсінік беру, және қағаз бетіне дәстүрден тыс әдіспен салуды үйрету.	1	30.10
Қараша			
Көңілді жемістер мен көкөністер»	. Балаларға жемістер мен көкөністер туралы түсінік беру, және қағаз бетіне дәстүрден тыс әдіспен салуды үйрету.	1	06. 11
«Сүйікті ойыншықтар (мұнара, көлік)	Балалардың ойыншықтар жайлы түсініктерін кеңейту. Өз ойыншықтарын сипаттап әңгімелету арқылы сөздік қорын молайту. Сүйікті ойыншықтарының суретін салуға жаттықтыру. Сурет салу дағдыларын қалыптастыру, Ойыншықтарына	1	13.11
«Тәрелкені әшекейлеу»	Балаларды шеңберге өрнек сала білуге үйрету, бояу реңктерін таңдауға және үлгіге қарай отырып оны сақтауға дағдыландыру, жұмыс кезінде сызбаны пайдалану, әсемдікті сезіне білу арқылы эстетикалық тәрбие беру	1	20.11
«Тікенекті кірпі»	Балалардың тікенекті кірпі туралы түсініктерін жетілдіру. Қысқа, түзу сызықтарды сызу арқылы кірпінің суретін салуға жаттықтыру. Жануарға, аңдарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	1	27.11


Желтоқсан		1	4.12.
«Алғашқы қар»	Балалардың алғашқы табиғи құбылыстарға қуана білуіне ықпал ету. Үйлерге ,ағаштарға жерге қардың қалай әдемі болып, жауатындығын бақылау.Көк түспен ақ түстің бір-бірінің үйлесімділігіне көңіл бөлуді үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу..		
«Алғашқы қар» (қайталау)	Алғашқы табиғи құбылыстарға қуана білуіне ықпал ету. Үйлерге ,ағаштарға жерге қардың қалай әдемі болып, жауатындығын бақылау.Көк түспен ақ түстің бір-бірінің үйлесімділігіне көңіл бөлуді үйрету.	1	11.12.
«Мерекелік отшашу»	Мерекенің өзіне тән ерекшеліктерін беру,отшашуды әртүрлі реңктермен бейнелеу,Бала қиялын дамыту, әдемілікке ,әсемдікке тәрбиелеу.	1	18.12
«Аяз өрнегі»	Балауызды пайдалана отырып сурет салуға үйрету. Терезеге түскен аяз өрнегіне сәйкес түстермен бейнелеу іскерліктерін қалыптастыру.	1	25.12
Қаңтар		1	08.01.2021ж
«Қыс қызығы»	Дәстүрлі емес әдіс- тәсілдер арқылы аққаланың бейнесін бейнелеуге үйрету. Сурет салуда түрлі құралдармен жұмыстану дағдыларын қалыптастыру		
« Қысқы түн»	Дәстүрлі емес әдіс-тәсілдер арқылы қысқы түн бейнесін шашырату әдісі арқылы бейнелеуге үйрету.Сурет салуда түрлі құралдармен жұмыстану дағдыларын қалыптастыру .	1	15.01
Әдемі балықтар	Балаларды балық түрімен таныстыра отырып, балықтың суретін жырту әдісі арқылы жапсыруға үйрету. Ұқыптылық пен тазалыққа тәрбиелеу.	1	22.01
«Қар кесегі»	Балаларға қыстағы аяздың өнермен таныстыруды.Қарды орналастыра білу,түсті сезіне білуге баулу.	1	29.01
Ақпан		1	05.02
« Қысқы түн»	. Дәстүрлі емес әдіс-тәсілдер арқылы қысқы түн бейнесін шашырату әдісі арқылы бейнелеуге үйрету.Сурет салуда түрлі құралдармен жұмыстану дағдыларын қалыптастыру		
«Саты»	Балаларға жануарлардың бейнесіне лайықты дауыс ырғағына қарай баспалдаққа орналастыруды түсіндіру. Керіктің мойнының ұзындығына қарай түрлі бағыттарда сызықтар жүргізіп, оларды қиыстырып, саты салуға үйрету. Жануарларғадегенсүйіспеншілікке, қамқорлықжасайбілугетәрбиелеу.	1	12.02
«Әдемі балықтар»	Балық түрімен таныстыра отырып, балықтың суретін жырту әдісі арқылы жапсыруға үйрету. Ұқыптылық пен тазалыққа тәрбиелеу.	1	19.02
«Саты»	Жануарлардың бейнесіне лайықты дауыс ырғағына қарай баспалдаққа орналастыруды түсіндіру. Керіктің мойнының ұзындығына қарай түрлі бағыттарда сызықтар жүргізіп, оларды қиыстырып, саты салуға үйрету	1	26.02

Наурыз			
«Саты» (қайталау)	Жануарлардың бейнесіне лайықты дауыс ырғағына қарай баспалдаққа орналастыруды түсіндіру. Керіктің мойнының ұзындығына қарай түрлі бағыттарда сызықтар жүргізіп, оларды қиыстырып, саты салуға үйрету	1	05.03
«Кемпіркосақтың суреті»	Дәстүрлі емес әдіс-тәсілдер арқылы қысқы түн бейнесін шашырату әдісі арқылы бейнелеуге үйрету. Сурет салуда түрлі құралдармен жұмыстану дағдыларын қалыптастыру.	1	14.03
« Алжапқышты әшекейлейміз (киімнің жиегіне ұлттық ою – өрнек.)»	Балалардың алжапқыш туралы түсініктерін жетілдіру. Алжапқышты ұлттық ою – өрнектермен әшекейлеуді үйрету. Іскерлік дағдыларды қалыптастыру, алжапқышты әдемілеп әшекейлеу арқылы эстетикалық талғамын дамыту.	1	19.03
« 8 Наурыз мерекесімен құттықтау ашықхаты.»	Анаға арнап ашық хат жасай білуге үйрету, балаларды өз аналарын және барлық басқа да аналарды құрметтеуге, қыз балаларды сыйлауға, мейірімділік пен сүйіспеншілікке тәрбиелеу .	1	26.03
Сәуір			
«Кесені әшекейлейміз» (қайталау)	Балаларға қазақтың ою-өрнектері туралы түсініктерін қалыптастыру. Кесені әшекейгенде «Тұмарша , ирек су ою өрнек элементтерін пайдаланып салуды үйрету	1	09.04
«Көктем көрнісі»	Балалардың қиялын ,зейінін дамыту. Көктем мезгілін бейнелей отырып, оларға жан бітіруге үйрету.	1	16.04
«Балапандар көк шалғында»	Көк шалғындағы балапандар жайлы түсініктерін жетілдіру, сөздік қорларын жетілдіру, қылқыламды пайдаланып, үзік сызықтарды қосу арқылы сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, эстетикалық талғамын дамыту.	1	23.04
«Машина»	Көлік жайлы түсініктерін кеңейту. Айнала қоршаған ортадан көргендерін, алған әсерлерін бейнелеу іс – әрекетінде бере білуге жаттықтыру. Машинаның дөңгелектерін тығын арқылы салуға үйрету.	1	30.04
Мамыр			
« Әдемі кілемше»	Балаларды тұрмыстық заттардың әдемілігін байқай білуге үйрету. Кілеммен таныстыруды жалғастыру, кілемді түзу және ирек сызықтармен әшекейлей білуге үйрету, сурет салуға дағдыландыру. Әсемділікті сезінуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.	1	07.05.
« Кемпіркосақтың суреті»	Дәстүрлі емес әдіс-тәсілдер арқылы қысқы түн бейнесін шашырату әдісі арқылы бейнелеуге үйрету. Сурет салуда түрлі құралдармен жұмыстану дағдыларын қалыптастыру.	1	14.05
«Балапандар көк шалғында»	Көк шалғындағы балапандар жайлы түсініктерін жетілдіру, сөздік қорларын жетілдіру, қылқыламды пайдаланып, үзік сызықтарды қосу арқылы сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, эстетикалық талғамын дамыту.	1	21.05

«Саты»	Жануарлардың бейнесіне лайықты дауыс ырғағына қарай баспалдаққа орналастыруды түсіндіру. Керіктің мойнының ұзындығына қарай түрлі бағыттарда сызықтар жүргізіп, оларды қиыстырып, саты салуға үйрету	1	21.05
Барлық сағат саны:		36	

Тексерілді:

«Қызғалдақ» бөбекжай-бақшасының
әдіскері:

А.Т. Уразмуханбетова 

Бекітемін:

№1 педагогикалық кеңес шешімімен
«Қызғалдақ» бөбекжай-бақшасының
директоры:

М.Н.Утешева



2020;

«Айгөлек» ересек тобының 2020-2021 оқу жылындағы «Қызықты математика»
тақырыбындағы вариативтің жоспары

Тәрбиешілер: Габдуллина З.
Өтеуова А.

2020-2021 оқу жылы

Түсінік хат

Бүгінгі таңда мектепке дейінгі мекемелердегі оқыту мен тәрбие үрдісі балалардың жас ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне ғана емес, білім беру жүйесінің ұйымдастырушылық жағына да байланысты.

Оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде балаларға қарапайым математикалық түсініктерін ойын арқылы дамытып, білім мен біліктілікке қызығушылығын дамыту мақсатында жасалған «Қызықты математика әлеміне саяхат» бағдарламасы негізгі оқу материалдарын басшылыққа ала отырып жасалған. Бағдарлама үлгісінде аптасына 1 сағат, жылына 36 сағат жүктеме берілген. Бұл бағдарлама балалардың математикалық таным-түсініктері мен білімдерін кеңейтіп, логикалық ойлау қабілеттерін, шығармашылық белсенділіктерін дамытады. Балалардың танымдық қабілеттерін дамытып математикаға деген қызығушылықтарын арттырудың негізгі бір жолы-дидактикалық тапсырмалар мен жұмбақ есептер, сиқырлы бейнелер. Дидактикалық тапсырмалар мен есептер балаларды зеректілікке, тапқырлыққа, шапшаң есептеу қабілетін дамытуға, өз бетінше оймен жұмыс жасау дағдысын қалыптастыруда, қиялын дамытып, алға мақсат қоя білуге үйретуде маңызды орын алады.

Бағдарлама да қамтылған тақырыптар мен тапсырмалар балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, білімдерін жетілдіріп, дамытуға арналған.

Бағдарламаның мақсаты:

- Балаларға берілетін тапсырманы жас ерекшеліктеріне қарай, жеңілден күрделіге қарай өзгертіп ойын арқылы туындату.
- Шығармашылық ойын, өз бетінше жұмыс жасай білу дағдысын дамыту.
- Жеке қабілетін ашу, сөздік қорын дамыту, ой бөлісе білуге үйрету.
- Тәрбиешінің бағыттауымен берілген тапсырмаларды орындап, өз бетінше игеріп, өз ойын жинақтап басқа біреудің айтқан ойымен ұштастыра білуге дағдыландыру.

Бағдарламаның міндеті:

- Сан құрамын анықтатып, санай білуге үйрету.
- Геометриялық пішіндермен таныстыру, түс айыра білуге үйрету.
- Кеңістікті анықтату, кеңістік атауларын айыра білуге дағдыландыру.
- Көлем туралы түсінік беру, әр заттың көлемін салыстыра білуге үйрету.
- Тәулік пен уақыт, бүтінді бөлікке бөлу туралы ұғымдарын қалыптастыру.

«Қызықты математика»(вариативтік жоспар)
Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағаты	Уақыты
1	«Хайуанаттар бағындағы қызықтар»	Отбасы мүшелерін атап, оларды ажырата білуге үйрету. Әке мен ананың, қыз бен ұлдың заттарын ойша ажырата отырып сызықтармен қоса білуге дағдаландыру. Өз отбасына сүйіспеншілікпен қарауға, үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу.	1	07.09
2	«Пішіндер сыры»	Балалардың зейінін ойлау қабілеттерін, сандардың таңбаларын танып, ажыратуды, геометриялық пішіндер мен денелерді, олардың түстерін ажыратуды ойын арқылы жетілдіре түсу.	1	14.09
3	Заттарды санау. Тура және кері санау	Ойша артық затты бөліп, қалған заттарды бір сөзбен атай білуге үйрету. Сурет бойынша суретшінің шатастырған кәтеліктерін таба білуге дағдыландыру. Өз—өздеріне дұрыс баға бере білуге тәрбиелеу	1	21.09
4	«Қайсысы қай баспада тұрады»	Аңдардың қай үйде тұратынын ажырату. Көру қабілетін дамыту, үлкенкішіні ажырата білу.	1	28.09
5	«Зейінді бол»	Балаларға сан, санау геометриялық пішін жөнінде түсініктер беру. Балалардың зейінін мақсатқа жету қабілетін дамыту.	1	05.10
6	«Суретпен жұмыс»	Геометриялық пішіндерді танып білу дағдыларын қалыптастыру. Ойлау қабілеттерін дамыта отырып, ұқыптылыққа, шапшандыққа тәрбиелеу.	1	12.10
7	«Тез есепте»	0-5 сандар қатарын дұрыс айтуға дағдыландыру.	1	19.10
8	«Сықырлы қоржын»	Геометриялық фигураларды тани білуге үйрету.	1	26.10
9	«Ойыншықтар қандай пішінге ұқсас?»	Балаларға ойыншықтар туралы толық мағлұмат беру. Геометриялық пішіндерді қайталауды жалғастыру.	1	02.11
10	«Сықырлы қоржын»	Балалардың пішіндер туралы түсініктерін дамытып, түрлі бейнелер жасату. Балалардың ойын, шығармашылық қабілетін дамыту.	1	09.11

11	«Апта күндері»	Аптадағы күндердің атауын жаттату. Уақытқа қатысты ұғымдар туралы (кеше, бүгін, бүрсігүні) түсінік беру. Балалардың бойына уақыт туралы түсінікті қалыптастыру.	1	16.11
12	«Артық затты табу, бір сөзбен атау»	Ойша артық затты бөліп, қалған заттарды бір сөзбен атай білуге үйрету. Сурет бойынша суретшінің қателіктерін таба білуге дағдыландыру. Өз-өзіне дұрыс баға беруге тәрбиелеу.	1	23.11
13	«Заттардың арасындағы айырмашылығын анықтау» (Қайталау)	Заттардың айырмашылығын ажырата білуге үйрету. Белгілерді үлгі бойынша үйрету Тапсырмаға зейін қоя отырып, тапсырманы тиянақты орындай білуге тәрбиелеу.	1	07.12
14	«Сандар сыр шертеді»	Балаларға киелі деп саналатын 1-5 сандарының мәнін түсіндіру.	1	14.12
15	«Біз нешеуіміз»	Санауға үйрету, есте сақтау қабілетін дамыту.	1	21.12
16	Суретпен жұмыс	Суреттегі заттарды салыстыру, олардың айырмашылықтарын таба білу.	1	28.12
17	Таныс фигураларды ата	Балалардың көз зердесін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.	1	04.01
18	«Тапқыштар әлемі» Суретпен жұмыс	Геометриялық пішіндерді танып білу. Дағдыларын қалыптастыру. Суреттегі заттарды салыстыру, олардың айырмашылықтарын таба білуге үйрету.	1	11.01
19	«Қызықты математика»	Балалардың ойын арқылы білімдерін кеңейту. Суреттер арқылы есептер шығара білуге үйрету.	1	18.01
20	«Ойнада ойлан»	Заттардағы айырмашылықты аңғаруға білуге үйрету. Ойлау қабілетін арттыру. Тапсырманы зейін қойып, орындай білуге тәрбиелеу.	1	25.01
21	«Таныс фигураларды ата»	Балалардың бұрыш туралы білімін қалыптастыру. Бұрыштың түрлерімен, құрлымымен, сүйір, доға тікбұрыштың пайда болу жолдарымен таныстыру.	1	01.02
22	«Жылдам ойлан»	Азайту амалының мәнін түсіндіру, «азайту» таңбасын қолданысқа енгізу, азайту амалдарын құрастырып, жазуды үйрету, Балалардың зейінін, кеңістікте ойлау қабілетімен есте сақтау қабілетін дамыту.	1	08.02

23	«Геометриялық пішіндерді ажырату, кеңістіктен таба білу.	Балаларға геометриялық пішіндер жайлы білім беру. Қол моторикасын дамыту. Бір-біріне кедергі келтірмеуге тәрбиелеу.	1	15.02
24	«Ойлан тап»	Азайту амалының мәнін түсіндіру, «азайту» таңбасын қолданысқа енгізу, азайту амалдарын құрастырып, жазуды үйрету, Балалардың зейінін, кеңістікте ойлау қабілетімен есте сақтау қабілетін дамыту	1	22.02
25	«Неге ұқсайды»	Балалардың есту, көз алдына елестету, ұқсата білу дағдыларын қалыптастыру. Пішіндер туралы білімдерін толықтыру әрі пысықтау	1	01.03
26	«Ойлан тап»	Азайту амалының мәнін түсіндіру, «азайту» таңбасын қолданысқа енгізу, азайту амалдарын құрастырып, жазуды үйрету, Балалардың зейінін, кеңістікте ойлау қабілетімен есте сақтау қабілетін дамыту	1	15.03
27	«Артық затты анықта»	Жұмысты тиянақты орындай білуге үйрету. Өз жасаған жұмысын бағалау алуға тәрбиелеу. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.	1	29.03
28	«Артық затты анықта (Қайталау)	Балалар жұмысты тиянақты орындай білуге үйрету. Өз жасаған жұмысын бағалау алуға тәрбиелеу. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.	1	05.04
29	«Сикырлы қоржын»	Геометриялық фигураны тани білу Балалар ойынға деген қызығушылығын арттыру.	1	12.04
30	«Таныс фигураларды ата» (қайталау)	Балалардың бұрыш туралы білімін қалыптастыру. Бұрыштың түрлерімен, құрлымымен, сүйір, доға тікбұрыштың пайда болу жолдарымен таныстыру.	1	19.04
31	Жолды анықта. Құрлыс ретін көрсету	Жұмысты тиянақты орындау білуге үйрету. Өз жұмысын бағалау. Тазалаққа, шапшаңдыққа үйрету.	1	19.04
32	«Ойнайықта, ойлайық»	Тапсырмалар арқылы логикалық ойлау қабілетін арттыру, ыншамен дұрыс орындауға үйрету. Тура және кері санауды одан әрі дамыту, ой өрісін кеңейту.	1	26.04
33	Зейінді бол.	Балаларға сан, санау, геометриялық пішін жөнінде түсініктер беру. Балалардың зейінін, мақсатқа жету қабілетін дамыту.	1	03.05

34	Ойыншық қандай пішінге ұқсас.	Ойыншықтың қандай геометриялық пішінге ұқсастығын тапқыз пішін туралы білімдерін бекіту. Балалардың логикалық ойлау, таным түсінігін дамыту.	1	10.05
35	Таныс фигураларды ата»	. Балалардың бұрыш туралы білімін қалыптастыру.Бұрыштың түрлерімен, құрлымымен ,сүйір,доға тікбұрыштың пайда болу жолдарымен таныстыру.	1	17.05
36	«Жылдам ойын»	Балалардың алған білімін тексеру, бекіту. Азайту амалының мәнін түсіндіру,»азайту» таңбасын қолданысқа енгізу, азайту амалдарын құрастырып,жазуды үйрету, Балалардың зейінін, кеңістікте ойлау қабілетімен есте сақтау қабілетін дамыту	1	24.05
Барлығы			36	